

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша тест спецификациясы

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі – ДББҰ) «алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушысы» бос лауазымына конкурс өткізу кезінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша білім, білік және дағдыларын бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. ҚР 2012 жылдың 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» № 561-IV Заңы.
4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары.
5. ҚР Қорғаныс министрінің «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы.
6. ҚР Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрығымен бекітілген «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыттағы, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы).
7. «Біріккен Ұлттар Ұйымының Жол белгілері мен сигналдары туралы конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 113 Қаулысы.
8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы.
9. «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ Заңы.

4. Ұсынылатын әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім. Тарау	1-модуль	2-модуль	3-модуль	Барлығы
1.	ҚР Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі. Әскери қызметтің құқықтық негіздері	1	-	-	1
2.	ҚР Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары	2	1	-	3

3.	Тактикалық дайындық	2	-	1	3
4.	Атыс дайындығы	3	-	1	4
5.	Саптық дайындық	2	-	-	2
6.	Әскери топография	1	1	-	2
7.	Әскери роботты техникалардың негіздері	-	1	1	2
8.	Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері	2	1	1	4
9.	Технологиялық дайындық	2	1	1	4
	Барлығы	15	5	5	25

6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы:

Тест бес мүмкін нұсқадан бір дұрыс жауабы бар 25 тест тапсырмасынан тұрады. Тест үш модульден тұрады:

Модуль	Сипаттама
1-модуль (базалық деңгей)	Жалпы білім беретін мектептер мен бастапқы әскери және технологиялық дайындық бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын білуін тексеруге, ҚР Конституциясының негізгі ережелерін, мемлекетті қорғау негіздерін білуін анықтауға бағытталған базалық деңгейдегі тапсырмалар.
2-модуль (ілгері деңгей)	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша, ҚР Қарулы Күштерінің түрлері мен ерекшеліктерін, әскери қызметтің маңызын, тағайындауларды түсінуі мен қолдану дағдыларын кандидаттың білімі мен кәсіби дағдыларын тексеруге бағытталған ілгері деңгейдегі тапсырмалар.
3-модуль (жоғары деңгей)	Мемлекеттің қорғаныс және әскери қызмет негіздері бойынша күнделікті өмірде әртүрлі қауіпті, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларда жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қауіп-қатерден қорғауға, әскери іске қажетті дағдыларды тексеруге бағытталған жоғары деңгейдегі тапсырмалар.

Қазақстан Республикасы Қарулы күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі

Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері; Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің әскери символдары; Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары. Экстремизмнің түрлері.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары

Жалпыәскери жарғылардың ережелері. Әскери қызметшілер және олардың өзара қарым-қатынастары.

Тактикалық дайындық

Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері; Сарбасздың ұрыстағы іс-әрекеті; Мотоатқыш бөлімшесі ұрыста.

Атыс дайындық

Ак-74 Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау; Автоматтың материалдық бөлігі; Калашников автоматын атуға дайындау; Қол гранаттары.

Саптық дайындық

Сап және оны басқару.

Әскери топография

Жергілікті жерде картасыз бағдарлану; Магниттік азимутты анықтау.

Әскери роботты техникалардың негіздері

Роботтар туралы жалпы мәліметтер; Роботтарды басқару алгоритмі.

Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері

Террорлық қауіп-қатер кезіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі; Жарақат алу, қан кету және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек; Жаппай қырып-жою қарулары; Ұжымдық қорғану құралдары; Жеке қорғану құралдары.

Технологиялық дайындық

Дөңгелекті техникаларды жүргізу негіздерін, жол қозғалысы ережелерін білу, шешім қабылдар алдында жол жағдайын талдау, қабылдаған шешімнің салдарын бағалау.

Тест орындау уақыты – **40 минут**.

Педагогикалық өлшеулер орталығы тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен, **апелляция жүргізілмейді**.

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.